

09–13 Қараша,
2020

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE 2020 жылдың қазан айындағы биржалық нарықтың жұмыс нәтижелеріне арналған БАҚ үшін онлайн медиа-брифинг [өткізді](#).
- ▲ Мүшелік туралы [қағидаға](#), Мүшелік [жарналар](#), биржалық және клирингілік алымдар туралы қағидаға енгізілген түзетулер, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және қаржылық терроризмге қарсы әрекет бойынша KASE ішкі құжаттарына енгізілген [өзгертулер](#) қолданысқа енгізіледі.
- ▲ "АТФБанк" АҚ [XS0274618247](#) (ATFBe7) халықаралық облигациялары және "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ [XS0925015074](#), [XS1595713279](#) (KMGZe6) халықаралық облигациялары айналыс мерзімі аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен алып тасталды.
- ▲ "ARLAN WAGONS" ЖШС KZ2P00004245 (ARWAb2) облигациялары айналыс мерзімі аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен [алып тасталды](#).
- ▲ "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" Сақтандыру компаниясы" АҚ KZ1C00005388 (SABR) жай акциялары KASE балама сауда-саттық алаңының "акциялар" санатынан KASE ресми тізімінің негізгі алаңынан "стандарт" санатына [ауыстырылды](#).
- ▲ "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ [KZ2C00007011](#) (IDFRb2) облигациялары KASE ресми тізіміне негізгі сауда-саттық алаңының "облигациялар" санаты бойынша, "ДАМУ АГРО" ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі" өндірістік кооперативі [KZ2D00007002](#) (PKDAb1) облигациялары KASE ресми тізіміне балама сауда-саттық алаңының "облигациялар" санаты бойынша, "Байтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ [үш шығарылымы](#), Маңғыстау облысының әкімдігінің [KZMJ00000891](#) (MGK024_089) және ЕБРР [XS2252216937](#) (EBRDe12) шығарылымы KASE ресми тізіміне негізгі сауда-саттық алаңының "облигациялар" санаты бойынша енгізілді.
- ▲ "Банк ЦентрКредит" АҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі облигацияларының бес шығарылымы бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ [KZ2C00006948](#) (KFUSb2) "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің [облигациялары](#) бойынша Қазақстан қор биржасында маркет-мейкер мәртебесі берілді.
- ▲ "Банк ЦентрКредит" АҚ KZ0007786572 (CCBN) облигациялары Т+ тізіміне [енгізілді](#).


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында өзінің МЕУКАМ-120 ([KZKD00000527](#)) 11-ші шығарылымын, МЕУКАМ-084 ([KZKD00000881](#)) 17-ші шығарылымын, МЕУКАМ-120 ([KZKD00000899](#)) 17-ші шығарылымын орналастыру арқылы 60,0 млрд теңге тартты.
- ▲ "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ KZ2C00007011 (IDFRb2) облигациясын жылдық 11,8000 % -бен орналастырып, 50,0 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ "Байтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ KZ2C00007052 (BTRKb4) облигациясын жылдық 11,30 % -бен орналастырып, 50,0 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ "Банк "Bank RBK" АҚ KZ2C00006013 (INBNb8) 7 450 344 өзінің жай акцияларын 4,5 млн теңгеге [сатып алды](#).
- ▲ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ДӘНЕ ДАМУ БАНКІ, XS2214305737 (EBRDe12) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНА ЖАЗЫЛЫМ ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫНДА ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ КУПОНЫНА 1 % МАРЖАМЕН 60,0 МЛРД ТЕҢГЕ [ҚАРЖЫ ТАРТТЫ](#).
- ▲ 13 қарашада Қазақстан қор биржасында Маңғыстау облысының әкімдігі өзінің KZMJ00000891 (MGK024_089) екі жылдық облигацияларын орналастырып, 3,5 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында 13 қарашасында "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00007037 (KFUSb4) облигациясын жылдық 10,8785 % -бен орналастырып, 14,7 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ KAZ Minerals PLC Компаниясы 2020 жылдың тоғыз айына және үшінші тоқсанға өндірістік есебін [ұсынды](#).
- ▲ "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атомдық компаниясы" АҚ компания басшылығы құрамындағы жоспарланған өзгертулер туралы [хабарлады](#).
- ▲ Freedom Holding Corp. 2021 фискалды жылдың екінші тоқсанына қаржылық нәтижелер туралы [хабарлады](#).




KASE Индексі апта қорытындысы бойынша 1,2% өсіп, 2 521,49 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны Халық банкінің жай акцияларымен жасалды – 859 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Kcell қағаздары – 3,9 млн теңге (бір аптадағы жиынтық көлемінен 93,2%).

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



13.11.2020

		Трендтер (%)		
KASE Индексі	2 521,49	1,0	4,0	
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м	
Сбербанк	1 320,0	8,8	8,2	
Bank of America Corporation	11 375,0	6,0	3,5	
Банк ВТБ	0,2	5,3	5,3	
Газпром	986,8	5,1	-1,1	
Народный банк	117,9	4,0	5,3	
Freedom Holding Corp.	13 954,0	3,7	23,1	
KAZ Minerals	3 400,0	1,5	16,8	
Аэрофлот	375,4	1,4	10,1	
НАК Казатомпром	6 210,0	1,2	2,0	
KEGOC	1 701,8	0,9	-0,3	
Казхотелеком	25 797,0	0,6	3,6	
КазТрансОйл	809,0	0,3	0,1	
Казхотелеком, прив. акции	12 300,0	0,0	1,2	
Kcell	2 703,0	-0,4	-0,2	
Банк ЦентрКредит	216,0	-0,5	-1,8	

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Өкілеттік тізімдегі акциялардың басым бөлігі апта қорытындысы бойынша «жасыл аймақта» аяқталды. Халық банкі жай акциялары өсім көшбасшысы болды, олардың бағасы шет елдік валютаға қатысты теңгенің нығаюы және инвесторлардың тәуекел тәбетін артуына байланысты, 4,4% өсіп, 118,00 теңгені құрады.

KAZ Minerals баға белгілеулерінде екінші үздік нәтиже көрсетті, онда 3,0% қымбаттап, 3 400,01 теңгені құрады. Дүйсенбі күні компания Қазақстан қор биржасына KAZ Minerals PLC (Біріккен Корольдігі) 2020 жылдың тоғыз айындағы және үшінші тоқсанына өндірістік есебін ұсынды. Компания барлық металлдарды өндіруді COVID-19 жаңа толқыны болмаған жағдайда жылдық жоспарын асыра орындайтынын атап өтті.

Мұнай бағасының өсуі КазТрансОйл баға белгілеуіне оң әсерін тигізіп, бағасы 0,9% қымбаттап, 809,00 теңгені құрады. Fitch КазТрансОйл рейтингін (808,82 теңге, +0,1%) "BBB" деңгейінде растады, болжам "Тұрақты". Агенттіктің болжамына сәйкес, компания мықты операциялық және қаржылық профиль күтуде. КазТрансОйл бизнес-профилі компанияның Қазақстандағы ұлттық мұнай құбыры операторы ретінде басым, сондай-ақ еліміздің экономикасы үшін стратегиялық маңыздылығы бағытын ұстануда. Борыштық жүктеменің болмауы агенттіктің несие қабілеттілігінің мықты көрсеткіштеріне қатысты күтімін нығайтуда. Nalyk Finance сарапшыларынан түскен жаңа нұсқаулықтарға сәйкес, акцияның мақсатты бағасы 12 айдан кейін 1 066 теңгені құрайтын болады.


Kcell телекоммуникациялық саласының өкілі қаңтар-қыркүйек айларында ҚҰХС бойынша таза табысын 3,6 есе арттырып, 17,7 млрд теңгені құрады. Компанияның бір жолғы шығынын есептемегенде операциялық табысы 18,3% өсті және 29,6 млрд теңгені құрады. Түсім 9,9% артып, 125,5 млрд теңгені құрады. 2020 жылдың қаңтар-қыркүйегінде қызметтен түскен түсім 1% артты. Қаржыландыруға таза шығын 9,4% жұмсалды. Компания акциялары апта қорытындысы бойынша 0,4% дейін төмендеп, 2 703,00 теңгені құрады.



Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 116 б.н. азайып, жылдық 8,6% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі өзгерген жоқ, жылдық 7,40% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 244,78 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке +2,6%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Inflation, 12M MM Index Base interest rate TONIA SWAP-1D




Основные параметры размещения нот НБРК

■ Апталық орналастыру (←) ■ Айлық орналастыру (←) ■ Үш айлық орналастыру (←)
■ Жарты жылдық орналастыру (←) ■ Жылдық орналастыру (←) ■ Айлық кірістілігі (→)
■ Апталық кірістілігі (→) ■ Үш айлық кірістілігі (→) ■ Жарты жылдық кірістілігі (→)
■ Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 2,05 (-0,5%) теңгеге өсіп, 430,38 теңгені құрады. Ағымдағы аптада валютаның жиынтық көлемі \$560,3 млн (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (+6,4%)). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы көлемі 1 885 (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (+394) құрады. Максималды бағасы бір АҚШ долларына 431,65 теңге, минималды – 426,94 теңге.


Теңге апта қорытындысы бойынша АҚШ долларына қатысты мұнай бағасы өсуі аясында нығайды. COVID-19 жұқтыру жағдайының өршуіне байланысты мұнай баға белгілеуі төмендеуде, бірақ аптаны жағымды аяқтауда. Мұнай бағалары үшін басты қозғаушы күш америкалық компания Pfizer және германиялық BioNTech компанияларының COVID-19 вакцинасын сәтті сынақтан өткізуі туралы жаңалық болды. сонымен қатар, АҚШ Энергетика министрлігінің бейсенбі күні жарияланған мәліметтері, еліміздегі мұнай қорының 6 қарашаға аяқталған бір апта ішінде 4,3 млн баррельге артқанын көрсетті. COVID-19 ауру, соған қарамастан, көбейе түсуде, көптеген елдерде шектеу шаралары енгізілуде. Сонымен қатар, бейсенбі күні, Халықаралық энергетикалық агенттігі (ХЭА), мұнайға деген жаппай сұранысты коронавирустың вакцинасы туралы жаңалығы 2020 жылдың соңына дейін айтарлықтай көтере қоймайды деп хабарлады.

Жұма күні Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 15:30 -да Brent қаңтар айындағы мұнай фьючерсі құны ICE Futures лондон қор биржасында бір баррельге 1,0% өсіп, \$43,09 құрады. Мәскеу биржасында АҚШ долларының ресей рубіліне бағамы осы уақытта 0,2% өсіп, 77,2313 рубльді құрады.

Ресей рублінің құны 0,0338 (-0,6%) теңгеге дейін өсіп, 5,5706 теңгені құрады. Еуро теңгеге қатысты 3,35 (-0,7%) теңгеге арзандап, 507,95 теңгені құрады. Қытай юаньы 0,2906 теңгеге (-0,4%) арзандап, 65,0750 теңгені құрады.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ % база (01.01.20)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
— GBPKZT	565,37	0,3	1,0	13,1
— USDKZT	428,99	-0,7	0,0	12,5
— EURKZT	506,51	-0,6	0,2	18,7
— CNYKZT	64,81	-0,6	1,8	18,8
— RUBKZT	5,58	0,4	0,2	-9,6

Brent мұнай құны

75 USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

13.11.2020

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	3 585,15	1,0	2,8	15,8	2,3	Мұнай (Brent)	42,78	0,9	-1,2	-31,3
Dow Jones	29 479,81	1,1	3,4	6,1	4,3	Мұнай (WTI)	40,13	-0,4	-2,2	-29,3
PTC	1 227,78	-0,7	5,8	-14,6	4,7	Табиғи газ	3,00	4,8	13,6	13,1
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	4,7	Мыс	317,80	0,7	4,2	21,2
Hang Seng	26 156,86	0,5	6,0	-0,6	1,8	Темір	866,00	6,8	-4,4	26,8
SS CSI 300	4 856,85	-2,5	1,0	24,3	-0,5	Алтын	1 889,20	1,4	-0,6	28,3
Euro Stoxx 50	3 432,07	0,7	4,9	-7,0	7,5	Күміс	24,78	4,5	1,6	45,5
FTSEuroFirst	3 805,50	1,7	5,7	-12,6	7,6	Астық	593,50	-0,7	-0,5	16,9
FTSE 100	6 316,39	2,1	6,4	-13,4	7,3					
KASE	2 521,49	1,0	4,0	8,1						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

18.11	Ұлыбритания: тұтыну бағасы индексі (ТБИ) (ж/ж) (қазан)	GBP	0,6%	0,5%
18.11	ЕО: тұтыну бағасы индексі (ТБИ) (ж/ж) (қазан)	EUR	-0,3%	-0,3%
18.11	АҚШ: шикі мұнай қоры	USD	-0,913M	4,278M
19.11	АҚШ: жұмыссыздық бойынша өтемақы алуға алғашқы өтінімдер саны	USD	705K	709K
20.11	ҚР ҰБ Базалық несиелік мөлшерлемесі	CNY		3,85%
20.11	Ресей: ІЖӨ (айлық) (ж/ж)	RUB		-3,3%
20.11	Ресей: жұмыссыздық деңгейі (қазан)	RUB	6,4%	6,3%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Жыл басына

Жылдық инфляция	7,1%	01.07.20	5,3%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4

Қазақстанның несиелік рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB-тұрақты

10.09.18

BBB-тұрақты

MOODY'S

Вaa3 тұрақты

26.07.17

Вaa3 -тұрақты

FitchRatings

BBB тұрақты

28.09.18

BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.